

Дарынды балалар үшін музыкалық-эстетикалық саладағы облыстық мамандандырылған мектеп-интернатын ашу жөнінде

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 1997 жылғы 12 қарашадағы N 231 шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 1998 жылғы 19 маусымда N 24 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 2016 жылғы 10 қазандағы № 28 шешімі

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің 10.10.2016 № 28 шешімі (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 16.09.96 ж "Қазақстан Республикасы Президентінің "Дарынды балалар үшін арналған мектептерді мемлекеттік қолдау және дамыту туралы" N963002 өкімін жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" N 1125 P961125 Қаулысын орындау үшін облыс әкімі ШЕШІМ ШЫҒАРДЫ:

1. 1997 жылдың 1 қыркүйегінен Петропавл гуманитарлық колледжі жанынан 1-9 сыныптардың дарынды балалары үшін облыстық мамандандырылған музыкалық-эстетикалық саладағы мектеп-интернаты ашылсын.

2. Облқаржыбасқармасы /Сутулов Ф.Ф./ дарынды балаларға арналған мектеп-интернатты облыстық бюджетіне білім жүйесіне қарастырылған шеңберде, Петропавл қаласы аумағындағы, аумағына кіретін мектеп-интернаттың тәрбиеленушілерінің жалпы есебінен құрылған мектеп-интернатты қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Гуманитарлық колледждің директоры /Әбілғазиев Ш.Т./ дарынды балалар үшін мектеп-интернатқа оқуға шеттен келген балаларды тұрғын-жаймен, тамақпен және оқу-тәрбие үрдісін қамтамасыз етсін.

4. Білім департаменті, мәдениет департаменті /Ваховский Ф.И., Лапухин В.П./ дарынды балалар үшін мамандандырылған мектеп-интернаттың сапалы жұмыс істеуіне бақылауды қамтамасыз етсін.

Облыс әкімі